

Түрлі түсті көбейткіш (көшірме) техникасын әкелу, өткізу, сатып алу, сақтау, есепке алу мен пайдалану, онымен жарақталған көбейткіш учаскелерін ашу және жұмыс істеу тәртібі туралы Нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі 31 желтоқсан 1993 ж. N 473 БҰЙРЫҚ. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1995 жылғы 23 мамырда тіркелді. Тіркеу N 66. Күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 28 наурыздағы N 198 (V053578) бұйрығымен.

1. Түрлі түсті көбейткіш (көшірме) техникасын әкелу, өткізу, сатып алу, сақтау, есепке алу мен пайдалану, онымен жарақталған көбейткіш учаскелерін ашу және жұмыс істеу тәртібі туралы Нұсқау бекітіліп, 1994 жылғы ақпанның 1-інен бастап күшіне енгізілсін.

2. Облыстар мен көліктегі ПБ, Алматы қалалық ПББ, Ленинск қалалық ПБ б а с т ы қ т а р ы ;

2.1. Аталған Нұсқауды тиісті қызмет қызметкерлерінің оқып-білуін ұйымдастырсын және олардан зачет қабылдауды қамтамасыз етсін.

2.2. 1994 жылдың 1 сәуіріне дейін түрлі түсті көбейткіш (көшірме) техникасымен жарақталған көбейткіш учаскелерінің жұмыс істеу тәртібін тексерсін және олардың жұмысына қатаң бақылау орнатсын.

3. Қазақстан Республикасы ПМ 1993 жылғы қарашаның 22-індегі N 12/3-560 үкімінің күші жойылды деп саналсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы ПМ ҚТОББ жүктелсін.

М и н и с т р

ішкі қызмет генерал-лейтенанты

Түрлі түсті көбейткіш (көшірме) техникасын әкелу, өткізу, сатып алу, сақтау, есепке алу мен пайдалану, онымен жарақталған көбейткіш учаскелерін ашу және жұмыс істеу тәртібі туралы Нұсқауды

Келісу қағазы

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуратурасы

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

Ішкі істер министрлігі	Қазақстан	Республикасының
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі	Қазақстан	Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	Қазақстан	Республикасының
Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі	Қазақстан	Республикасы
Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы	"Казконтракт"	Республикалық
контракт корпорациясы		

Түрлі түсті көбейткіш (көшірме) техникасын әкелу, өткізу, сатып алу, сақтау, есепке алу мен пайдалану, онымен жарақталған көбейткіш учаскелерін ашу және жұмыс істеу тәртібі туралы Нұсқау

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқау кәсіпорындардың мекемелердің, ұйымдардың түрлі түсті көбейткіш (көшірме) техникасын әкелу, өткізу, сатып алу, сақтау, есепке алу мен пайдалану, онымен жарақталған көбейткіш (көшірме) учаскелерін ашу және жұмыс істеу тәртібін белгілейді. Оның күші Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Республикалық Ұланның, Президенттің күзет қызметінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Прокуратура, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасының органдары мен бөлімшелеріне қолданылмайды.

Ескерту: Одан әрі "кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар" - "ұйымдар", "түрлі түсті көбейткіш (көшірме) техникасымен жарақталған көбейткіш (көшірме) учаске" - "көбейткіш учаске", ал "түрлі түсті көбейткіш (көшірме) техникасы" - "көбейткіш техника" деп аталынады.

1.2. Көбейткіш техникасын әкелу, өткізу, сатып алу, сақтау, есепке алу мен пайдалану, көбейткіш учаскелерін ашу мен жұмыс істеуі ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша жүргізіледі.

1.3. Көбейткіш техникасын әкелу, өткізу, сатып алу, сақтау, есепке алу мен пайдалану, көбейткіш учаскелерін ашу және жұмыс істеу тәртібін қамтамасыз ету аталған техника мен учаскелер қарауында болған ұйыммен жүзеге асырылады.

1.4. Осы Нұсқаудың сақталуына олар қарауында болған ұйымдардың және көбейткіш учаскелерінің басшылары жеке жауап береді.

Осы Нұсқаудың талаптарын бұзуына айыпты адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

2. Көбейткіш учаскелерін ашуға ішкі істер органдарынан рұқсат алу

2.1. Облыстардағы ПБ, Алматы қалалық ПББ, Ленинск қалалық ПБ орналасқан жері бойынша көбейткіш учаскелерін ашуға рұқсатты дәлелді хат негізінде береді. Оған:

2.1.1. Көбейткіш учаскесін ашуға және жұмыс істеуіне Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің келісімі.

2.1.2. Көбейткіш техникасын сатып алу, есепке алу, сақтау, пайдалану және аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінде уақтылы тіркеу ережелері сақтауға жауапты адамды (ашылатын көбейткіш учаске қарамағында болған ұйым басшыларының бірін) тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі.

2.1.3. Санитарлық, өртті қадағалау, ішкі істер бөлімінің және мүдделі ұйымдардың өкілдері кіретін ведомство аралық комиссияның құралдарды, техниканы пайдалану және оларды сақтаудың белгіленген талаптарына жауап беретін өндірістік жайлардың сәйкес келуі туралы акты.

2.1.4. Атауы, маркасы мен саны көрсетілген орналастыруға белгіленген көбейткіш техникалардың тізімі.

2.1.5. 2.1.2. тармағында аталған адам толтырған анкета (N 1 қосымша) және оның осы нұсқау талаптарын оқып - үйренгенін, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін жауапкершілігі ескертілгендігі туралы жазбаша дәлелді қағаз тіркеледі.

Хатта көбейткіш учаске ашуға белгіленген ұйымның толық атауы және ұйым немесе учаске орналасқан почта адрестері көрсетіледі.

Шартты атаулы ұйымдар үшін бұл деректер белгіленген талаптарға сәйкес көрсетіледі.

2.2. Көбейткіш учаскесін ашу жөніндегі мәселені қарауда ПБ, ПББ өтініш беруші ұйымның материалдарын жақын орналасқан басқа учаскелерде көбейту мүмкіндігін ескереді.

2.3. Көбейткіш учаскесін ашуға рұқсат (N 2 қосымша) ұйым басшысының немесе оның орынбасарының атына үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.

2.4. Жауапты адам алмасқан немесе ұйымның атауы өзгертілген кезде, көбейткіш учаскесін ашуға рұқсат ұйымның өтініші бойынша болған өзгерістерге қарай осы Нұсқаудың 2.1.2. және 2.1.5. тармақтарын сақтаумен ПББ, ПБ 10 күндік мерзімде қайта ресімделуі керек.

2.5. Көбейткіш учаскесін басқа мекен-жайы бойынша ауыстырған кезде, ұйым осы Нұсқаудың 2.2-2.4 тармақтарында жазылған тәртіппен ашуға жаңа рұқсат ресімдейді.

3. Көбейткіш учаскесінің жұмыс істеуіне ішкі істер органынан рұқсат алу және оның қолданылатын мерзімін ұзарту

3.1. Көбейткіш учаскесінің жұмыс істеуіне рұқсат және оның қолданылатын мерзімін ұзарту учаске орналасқан жері бойынша аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінде ұйымның хаты негізінде ресімделеді. Онда ашуға немесе жұмыс істеуіне қолданылатын рұқсаттың нөмірі мен датасы, кім берген және оның қолданылатын мерзімнің аяқталуы көрсетіледі.

Х а т қ а :

3.1.1. Учаскенің жұмыс істеуіне жалпы бақылау жасау жүктелген лауазымды адамды (көбейткіш учаске қарауында болған ұйым басшыларының бірі) және жұмыс істеуіне тікелей жауап беретін сол учаскенің басшысын тағайындау туралы бұйрық. Осы бұйрықта демалыс, іс сапар, ауырып қалған және басқа кезеңде оның міндеттерін атқаратын адам жазылады.

3.1.2. 3.1.1. тармағында аталған адам толтырған анкета (N 2 қосымша) және осы Нұсқаудың талаптарын оқып-үйренгенін, сондай-ақ оны бұзғаны үшін жауапкершілігі ескертілгені туралы дәлелді қағаз.

3.1.3. Көбейткіш техникасымен жұмыс істейтін, құралдарға, техниканы жөндейтін, оларды сақтау мен пайдалануға жауапты адамдардың, соның ішінде қосымша жұмыс ретінде алынған адамдардың тізімі, сондай-ақ көбейткіш техника қойылған ұйым күзеті жеке құрамының тізімі (N 3 қосымша).

Аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімімен келісілген осы тізімнің екінші данасы әрдайым учаскенің жұмыс істеуіне жауапты адамда болады.

3.1.4. Қолда бар көбейткіш техникалардың атауы, маркасы мен зауыт нөмірі көрсетілген тізім.

3.1.5. 2.2.2. тармағында көрсетілген ведомство аралық комиссияның одан әрі кезеңде объектінің жұмыс істеуіне өндіріс жайлардың белгіленген талаптарға сәйкес келуі туралы актысы тіркеледі.

3.2. Жұмыс істеуіне рұқсат және оның қолданылатын мерзімін ұзарту (N 4 қосымша) ұйым басшысының немесе оның орынбасарының атына ресімделіп, үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Ескерту: Ішкі істер органдарының қолданылатын рұқсат мерзімі аяқталғаннан кейін көбейткіш техникасын пайдалану көбейткіш учаскесінің жұмыс істеу тәртібін бұзу болып табылады және ол қолданылатын заңдарға сәйкес жауапкершілікке әкеліп соғады.

3.3. Көбейткіш учаскесінің жұмыс істеу рұқсатына басқа министрліктердің,

ведомстволардың ұйымдарынан, заңды мекемелер мен адамдардан тапсырыс қабылдау шарттары жазылады, ал қажет кезде олардың тізімі рұқсатқа қосымша ретінде тізіммен ресімделеді.

3.4. Егер көбейткіш учаске болған ұйымның атауы, мекен-жайы, көбейткіш техникасына жауапты адамдардың құрамында рұқсат етілген жұмыс істеу мерзімі кезеңінде өзгерістер болмаған жағдайда (атауларында, санында, маркалары) ішкі істер органдарының жаңа жұмыс істеу мерзіміне рұқсаты қолданылып келген рұқсатқа штамп (5 қосымша) қою арқылы ресімделуі мүмкін.

4. Ұйымның атауы өзгергенде, жаңа мекен-жайы бойынша ауысқан жағдайда, жауапты адам алмасқан кезде көбейткіш учаскесінің жұмыс істеу рұқсатын қайта ресімдеу, сондай-ақ көбейткіш учаскесін жабуды және оның жұмыс істеуін тоқтатуды ресімдеу тәртібі

4.1. Көбейткіш техника қарауында болған ұйымның атауы өзгертілген кезде, жұмыс істеу рұқсатын аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінде ұйымның тиісті хаты бойынша қайта ресімдеу қажет. Бұл жағдайда рұқсат бұрын көрсетілген мерзімге беріледі.

4.2. Көбейткіш учаске жаңа мекен-жайы бойынша ауыстырылған кезде, оның жұмыс істеуіне жаңа рұқсатты ұйым осы Нұсқаудың 2.2 - 2.4 тармақтарында жазылған тәртіпте ресімдейді.

4.3. Жауапты адам алмасқан кезде 3.1.1., 3.1.2. тармақтарындағы талаптарды ескере отырып бұрынғы көрсетілген мерзімге жұмыс істеу рұқсатын аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінде 10 күндік мерзімде қайта ресімдеу қажет.

4.4. Көбейткіш учаскесін жабу кезінде ұйым ол жөнінде 10 күндік мерзімде кәсіпорын ашу мен жұмыс істеуіне рұқсат берген ПББ, ПБ, қалалық (аудандық) ішкі істер бөлімінде жабуды дәлелдейтін құжаттың көшірмесін жіберіп, хабардар етуі керек.

Сонымен бірге уақытта көбейткіш учаске қарауында болған ұйым жұмыс істеуі рұқсатын оны берген ішкі істер органына қайтарады.

5. Көбейткіш техникасын сатып алу, сақтау, есепке алу, беру мен есептен шығару және оны жөндеуге тапсыру тәртібі

5.1. Көбейткіш техникасын сатып алуға рұқсатты (N 6 қосымша) шығарушы немесе өткізуші ұйымның атауы, көбейткіш учаскесін ашуға немесе жұмыс істеуіне рұқсаттың қолданылатын мерзімі мен нөмірі және кім бергені көрсетілген ұйымның жазбаша арызы бойынша облыстардағы ПБ, Алматы қалалық ПББ, Ленинск қалалық ПБ береді.

Рұқсат үш айлық мерзімге беріледі.

5.2. Ұйым сатып алған көбейткіш техниканы тиісті аудандық (қалалық) ішкі

істер бөлімінде 10 күндік мерзімде тіркеуге және оларды сақтауға немесе пайдалануға, 3.1.4. тармақта көрсетілген құжаттарды арызға тіркеу арқылы рұқсат алуға міндеті, ал орнатылған техниканың жалпы саны көбейтілген кезде арызға санитарлық және өртті қадағалау орындарының оңды тұжырымдамасы т і р к е л е д і .

5.3. Министрліктердің, ведомстволардың жабдықтаушы ұйымдары ведомствоға қарасты ұйымдарға көбейткіш техниканы алу үшін оларды сатып алуға, ал кейіннен оларды алғаны жөнінде (атауы мен саны көрсетілген) құжаттың көшірмесін көрсеткеннен кейін, оны сақтауға ПББ, ПБ рұқсат р е с і м д е й д і .

5.4. Министрліктер, ведомстволар көбейткіш техниканы ведомствоға қарасты ұйымға, оларды сатып алуға ішкі істер органдарының рұқсатынсыз бөлуге құқы ж о қ .

5.5. Шет мемлекеттерден көбейткіш техниканы әкелу ұйымның жазбаша өтініші мен оны сатып алуға ПББ, ПБ рұқсаты (N 6 қосымша) негізінде Қазақстан Республикасының ІІМ беретін рұқсат (N 7 қосымша) бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

5.6. Жасаушы-зауыттар мен өткізуші ұйым көбейткіш техниканы сатып алуға ішкі істер органдарының рұқсаты негізінде жеткізіп береді.

5.7. Көбейткіш техника есепке алу кітабында (N 8 қосымша) есепке алынады (алу, беру, есептен шығару) ол кітап нөмірленіп, тігіліп, мөрленіп, қатаң есептегі құжат р е т і н д е с а қ т а л у ы к е р е к .

Аталған материалдық құнды заттарын түгендеу жыл сайын, сондай-ақ көбейткіш учаскесіне жауапты адам алмасқан кезде жүргізіліп отыруы керек.

5.8. Жұмыс істейтін көбейткіш учаскелер мен жаңа құрылыстарда, сондай-ақ жасаушы - зауыттарда, жөндеу-механикалық зауыттарда (цехтарда, шеберханаларда) белгіленбеген көбейткіш техника комплекті түрде ұрланудан, пайдалану мүмкіндігінен, механикалық зақымдалудан, атмосфералық ықпал етуден сақтайтын және өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін қоймаларда с а қ т а л у ы к е р е к .

5.9. Көбейткіш техниканы бір ұйымнан екіншісіне беру, жаңасын сатып алу тәртібі (осы Нұсқаудың 5.1 тармағы) ретіндегідей жүргізіледі.

5.10. Көбейткіш учаске жабылған кезде жарамды көбейткіш техниканы ұйым бір айдың ішінде сол ұйымның басқа көбейткіш учаскелеріне немесе олардың келісімімен осы Нұсқаудың 5.1 тармағында көзделген тәртіппен сатып алуға рұқсаты бар басқа ұйымдарға олардың рұқсатымен береді (өткізеді).

5.11. Жасаушы - зауыт пен арнаулы кәсіпорындар көбейткіш техникаға техникалық, соның ішінде кепілді қызмет көрсетуді, оны жөндеу мен жөндеуден кейін қайтаруды көбейткіш учаскенің жұмыс істеу рұқсатын көрсетумен

жүргізеді. Бұл ретте алдын-ала жөндеу жұмысы басталғанға дейінгі және ола аяқталғаннан кейінгі көрсеткіш саны журналға (N 9 қосымша) жазылады.

Қызмет көрсету мен жөндеуге шарт жасасқан кезде ұйым көбейткіш учаскесін ашу немесе жұмыс істеуіне рұқсаттың қолданылатын мерзімі мен датасын, нөмірін және оны берген ішкі істер органының атауын көрсетеді.

5.12. Жарамсыз күйге ұшырған құралдар мен техника белгіленген тәртіпте есептен шығарылып (оларды жөндейтін ұйыммен келісім бойынша), жойылады.

5.13. Көбейткіш техника есептен шығарылғандығы туралы ұйым есепке алу кітабына тиісті жазу жазады және 10 күндік мерзімде актының көшірмесін аудандық, (қалалық) ішкі істер бөліміне жібереді.

5.14. Есептен шығарылған көбейткіш техниканы, сондай-ақ оның тораптары мен бөлшектерін басқа ұйымдардың немесе жеке азаматтардың пайдалануына беруге қатаң тиым салынады. Тораптары мен бөлшектері белгіленген тәртіпте өз қоймалары арқылы басқа көбейткіш учаскелерге олардың жұмыс істеу рұқсаты болған кезде беріледі.

5.15. Көбейткіш учаскелеріне арналған материалдар көбейткіш учаскелерінің жұмыс істеуіне ішкі істер органдарының рұқсатын көрсету бойынша өткізуші (сатушы) ұйымдарға босатылады.

6. Көбейткіш техникасын пайдалану тәртібі

6.1. Көбейткіш техника осы Нұсқауды қатаң сақтаған кезде ғана пайдаланылады.

Жабық басылымдарды басу үшін ұйымдар құпия режимі жөніндегі нұсқауларды басшылыққа алады.

6.2. Көбейткіш техникасын:

6.2.1. Тікелей елшіліктерден, миссиялардан, өкілдіктерден және басқа шетел ұйымдарынан түсетін тапсырыстарды орындау.

6.2.2. Қызмет көрсетілгені үшін халықтың есептеріне арналған басқа тапсырыстарды, билеттерді, талондарды көбейтуге тапсырыстарды орындау.

6.2.3. Егер ол ішкі істер органдарының рұқсатында арнайы айтылмаса, басқа ұйымдардан тапсырыстар орындау үшін пайдалануға тиым салынады.

6.3. Тапсырыстарды көбейту ұйымдар бойынша бұйрықта аталған адамның жазбаша рұқсаты бойынша ғана, ал ерекше жағдайларда, олармен бірге, режимді бөлімшелер басшыларының рұқсатымен жүргізіледі.

6.4. Көбейтуге материалдарды ұйымдар бойынша бұйрықпен ресімделген және көбейткіш учаске үшін жауапты немесе осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген адам қабылдайды. Ол адамға тапсырыстар көбейтуге рұқсат беретін адамдар қолының үлгісі тапсырылады.

6.5. Материалды көбейтуге дейін тапсырыстар кітабына (N 10 қосымша) тиісті жазу жазылып, шығыс деректері қойылады, содан кейін тапсырыс өндіріс

орнына беріледі. Дайындалған материалдар түпнұсқасымен бірге тапсырыстар кітабына қол қоюмен беріледі.

6.6. Ұйым шығатын қағаздардың қатаң есебін және оның көбейткіш учаскесінде үнемделуін жүргізеді. Көбейткіш аппараттарында жиналу есеп санауыштары болған кезде қағаздарды жұмсау санауыштарының күнделікті көрсету кітабына бойынша жүргізіледі (N 9 қосымша).

7. Көбейткіш учаскелерге қойылатын режмиді талаптар

7.1. Көбейткіш учаскелерінің жайлары күзет-өрттен сақтайтын дабыл беру құралдарымен, датчиктері терезелерде, есіктерде (күзет), там төбелерінде (өрттен сақтау) орнатылып, дабыл беру құралы күзет постына немесе ішкі істер органдарының орталықтандырылған күзет басқаруына шығарылып ж а б д ы қ т а л а д ы .

7.2. Бірінші қабаттардағы терезелерде екі жақты (ашылмалы) ішінен ашылатын торлар орнатылады. Жанындағы үйлер күнқағарлары, шатырлары немесе өрт баспалдақтары болған кезде торлар оған жақын терезелерге орнатылады (терезе тұратын орындардағы торлар кем дегенде диаметрі 12 мм. темір шыбықтарына пісіріліп жасалады, олар кем дегенде 150 x 150 мм. ойық тәрізді етіп келтіріліп, әрбір қосылған жері дәнекерленеді).

Жеке жағдайларда "фигуралы" торларды жасауға болады, бірақ ол өндіріс жайына кіруге берік бөгет жасайтындай болуы керек.

7.3. Көбейткіш учаскелерінің кіретін есіктері бір тақтайдан (қалыңдығы кем дегенде 40 мм.) жасалып, мықты және берік құлыптармен (кем деген екі ішкі құлыптарымен) немесе шифр құлыптарымен жабдықталып, екі жағынан асбет бойынша мырыш-қаңылтыр темірмен, бұрыштары есік тұтқасына қарай майыстырылып қапталуы керек. Есіктерде бөгде адамдардың кіруін шектейтін т р а ф а р е т т е р о р н а т ы л а д ы .

7.4. Көбейткіш учаскелер, сондай-ақ көбейтуге тапсырыс қабылдау және дайын болған материалдарды беру жөніндегі жұмыс орындары бөгде адамдардың кіру мүмкіндігін болдырмайтын қабырғалармен және қоршаулармен жекеленген жайларда орналасуы керек.

7.5. Жұмыс аяқталуына қарай көбейткіш техника тұрған жай пломбланады (мөрленеді), ал олардың кілттері арнаулы журналға датасы мен уақыты көрсетіліп, сақталуына жауапты адамға тапсырылады. Кілттерді беру кезінде уақыты, оларды қабылдап алған адамның аты-жөні мен қолы қойылады.

Дайын өнімді қабылдау мен беру жөніндегі арнаулы бөлме болмаған кезде, көбейткіш учаскелердегі кіретін есік дабыл беретін датчик орнатылған тереземен жабдықталады немесе кіретін жерге бөгет орнатылады.

7.6. Көбейткіш учаскесінде басқа адамдардың жұмыс істеуі көбейту кезінде қатаң бақылауды ұйым басшылары қамтамасыз еткен жағдайда ғана жүргізіледі.

7.7. Көбейткіш техниканы басқа жұмыс орындалатын ұйымдардың жалпы жайларында орнатуға болмайды. Ерекшелік ретінде техникалық, ғылыми конференциялар, сипозиумдар халықаралық көрмелер және т.с.с. болған кезде жұмыс істеуіне тиісті рұқсатты ПББ, ПБ ресімдеумен жалпы жайларда уақытша орнатылуы мүмкін. Бұл ретте көбейткіш техниканы мақсатты пайдалану үшін арнайы адам тағайындалады.

7.8. Санауыштары бұзылған көбейткіш техникасымен жұмыс істеуге тиым салынады. Санауыштардағы ақаулықтар жөнделген соң, ол жөнінде жиналу есебінің күнделікті көрсету санауыштары кітабына тиісті жазу жазылады.

7.9. Көбейткіш техника орнатылған бөлмені тазалау ондағы жұмыс істейтін қызметкерлердің қатысуымен жұмыс уақытында жүргізіледі.

8. Бақылау органдарының көбейткіш учаскелері дұрыс жұмыс істеуін тексеру

8.1. Осы Нұсқаудың талаптары орындалуын тексеру ішкі істер органдарымен, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігімен сондай-ақ қарауында көбейткіш учаскелері болған министрліктермен, ведомстволармен жүзеге асырылады. Бұл ретте, олар өз құзыры шеңберінде мыналарды тексереді:

8.1.1. Көбейткіш учаскелерінің жұмысын реттейтін осы Нұсқау және басқа нормативтік құжаттардың талаптары орындалуы.

8.1.2. Бақылаушы органдардың өкімдерінде және тиісті актілерде, сондай-ақ өткен кезеңдегі басқа құжаттарда белгіленген анықталған кемшіліктер мен ескертулерді жою жөнінде ұйымның қолданған шаралары.

8.1.3. Көбейткіш техникасын пайдалану тәртібі мен тиімділігі,

8.1.4. Көбейткіш техникасын есепке алу мен сақталуы, қағаздың жұмысалуы.

8.1.5. Жұмыс орындарында режимді талаптардың сақталу тәртібі мен ұйымдастырылуы.

8.1.6. Көбейткіш учаске орналасқан үйлер мен жайлардың, сондай-ақ маңайындағы аумақтың өрт қауіпсіздік күйі, оларда белгіленген режимді ережелер мен нормалардың сақталуы және күзет пен өрт дабыл беру құралдарының болуы мен күйін.

8.1.7. Техника қауіпсіздігі мен еңбек сақталу күйі.

8.2. Министрліктер мен ведомстволар өздеріне қарасты ұйымдардың көбейткіш учаскелерінің есебін жүргізеді, белгіленген тәртіпте олардың осы Нұсқау талаптарын сақтауын, штаттық тәртібін және көбейткіш өндіріс орындарына қатысты еңбегіне ақы төлеу жөніндегі қолданылатын ережелерге сәйкес келу бөлігіндегі қаржы қызметін тексереді. Олар:

8.2.1. Көбейткіш учаскелерде, ашуға немесе жұмыс істеуіне ішкі істер

органдарының рұқсаты болуына.

8.2.2. Көбейткіш техника тиімді пайдаланылуына.

8.2.3. Нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілуі ұйымдастырылуына.

8.2.4. Ішкі істер органдарының тапсырмалары мен өкімдерін ескере отырып, ведомстволарға қарасты көбейткіш өндіріс орындарын үлкейту (орталықтандыру) жөніндегі шаралар дайындалуына және жүзеге асырылуына жауап береді.

8.3. Ішкі істер органдары белгіленген үлгідегі есепке алу журналдарында көбейткіш учаскелердің есебін жүргізеді.

8.4. Көбейткіш учаскелердің ашылуына және жұмыс істеуіне, көбейткіш техниканы сатып алуына, өткізуіне, пайдалануына, есепке алынуына және сақталуына бақылау жасаудағы ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары:

8.4.1. Қызметтік куәлігі бойынша көбейткіш учаскелерге кіру.

8.4.2. Лауазымды адам немесе көбейткіш техника пайдаланылуына жауапты адам жасаған анықталған әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама жасау.

8.4.3. Ұйым басшыларына орындауға міндетті көбейткіш учаскелердің жұмыс істеу, көбейткіш техникасын сатып алу, өткізу, пайдалану, есепке алу мен сақтау тәртібін бұзуды тоқтату жөнінде орындалу мерзімі көрсетілген өкім беру. Көбейткіш техникасын пайдаланудың белгіленген ережелерін әрдайым бұзушы адамдарды жұмыстан аластатуды талап ету.

8.4.4. Заңсыз көбейтілген материалдарды кейіннен белгіленген тәртіпте жоюмен сондай-ақ сатып алуға ПББ, ПБ рұқсаты жоқ көбейткіш техниканы акты бойынша алу немесе оны пайдалануға тиым салу.

8.4.5. Ішкі істер органдарының рұқсатынсыз ашылған көбейткіш учаскелердің жұмыс істеуіне, айыпты лауазымды адамдарды қолданылатын заңдарға сәйкес жауапкершілікке тартумен тиым салу.

Бұл жағдайда ұйым басшылығы 2 айлық мерзімде осы Нұсқауға сәйкес осы уақытта көбейткіш техниканың толық сақталуын қамтамасыз ете отырып, көбейткіш учаскесін ашуға ПББ, ПБ рұқсат алу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуге міндетті. Ал рұқсат беруден бас тартқан жағдайда, ұйым бір айдың ішінде белгіленген тәртіпте оны өткізуі керек.

Қазақстан Республикасы ІІМ қоғамдық
тәртіпті сақтау Бас басқармасы

1 қосымша

Көбейткіш учаскесіне жауапты адамның
Анкетасы

1. Фамилиясы, аты, әкесінің аты _____

2. Лауазымы _____

3. Ұйымның (кәсіпорынның) атауы _____

4. Туған жылы _____ 5. Туған жері _____

(село, қала, аудан, облыс, өлке, республика)

6. Ұлты _____

7. Паспорт _____

(сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

8. Қызметі мен үйінің адресі, телефон нөмірі _____

Мен, _____

(полиграфиялық, кәсіпорынға, көбейткіш учаскеге

жауапты адамның фамилиясы, аты, әкесінің аты)

"Көбейткіш учаскелерін ашу және жұмыс істеу тәртібі туралы Нұсқаудың" талаптарын оқып-біліп, меңгердім және оларды бұзғаным үшін жауапкершілік жөнінде ескертілдім.

(қ о л ы)

" ____ " _____ 19 ____ ж.

2 қосымша

Қазақстан Республикасының ІІМ

(ішкі істер органының атауы)

Р Ұ Қ С А Т _____ " ____ " _____ 19 ____ ж.

ұ й ы м н ы ң а т а у ы ,

ведомстваға қарастылығы,

почталық индексі мен мекен-жайы)

(көбейткіш техниканың атауы, маркасы мен

орнатумен және

с а н ы

(лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)

жеке жауапкершілігімен _____

(көбейткіш учаскесін)
ашуға беріледі.

19 _____ ж. " _____ " _____ дейін жарамды.

Қосымша; көбейткіш техника тізімі _____ бетте.

І ш к і і с т е р

органының бастығы

М.О.

_____ фамилиясы, аты, әкесінің аты және қолы

Рұқсаттың сырт жағы

Е с к е р т у :

1. Рұқсат қағазы әрдайым тікелей көбейткіш учаскеде сақталып, ішкі істер органдарының талап етуі бойынша көрсетілуі керек.

2. Ұйымның мекен-жайы, атауы, бар көбейткіш техникасының саны өзгергенде немесе жауапты адам алмасқан кезде осы рұқсатты тиісті ішкі істер орнында 10 күндік мерзімде қайта ресімдеу қажет.

3 қ о с ы м ш а

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

_____ орнатылған көбейткіш техникамен жұмыс істейтін адамдардың, сондай-ақ осы объектіні күзетудегі 19 _____ ж. " _____ " _____ жеке құрамның

Т І З І М І

№ ! фамилиясы ! туған ! Үйінің ! атқаратын ! Жауаптылығы бойын! аты, әкесінің! жылы ! адресі ! қызметі ! жөніндегі қолы ш а ! а т ы ! ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

К ө б е й т к і ш у ч а с к е ж ұ м ы с
істеуіне жауапты адамның лауазымы _____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

Ескерту. 6. Графада көбейткіш техниканы мақсаттылы пайдаланбағаны немесе объектіні күзету жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілігі жөнінде ескертілген адамның қолы.

Е с к е р т у :

1. Рұқсат әрдайым тікелей көбейткіш учаскеде сақталып, ішкі істер органдарының талап етуі бойынша көрсетілуі керек.

2. Мекен-жайы, ұйымның атауы бар көбейткіш техниканың саны

өзгергенде немесе жауапты адам алмасқан кезде осы рұқсатты 10 күндік мерзімде тиісті ішкі істер органында қайта ресімдеу қажет.

Рұқсат түбіршегі N _____ "_____" _____ 19____ ж.

_____ (ұ й ы м н ы ң а т а у ы ,

_____ ведомствоға қарастылығы,

_____ почталық индексі мен мекен-жайы)

_____ (көбейткіш техниканың атауы, маркасы,

_____ з а у ы т н ө м і р і

_____ пайдаланумен (сақтаумен)

және _____

_____ (лауазымы, фамилиясы, аты,

_____ жеке жауапкершілігімен

_____ ә к е с і н і ң а т ы)

_____ к ө б е й т к і ш т е х н и к а
_____ ашуға берілді.

19 _____ ж. "_____" _____ дейін жарамды.

Тапсырыс қабылдауға шектеу _____

Қосымша: көбейткіш техника тізімі _____ бетте.

_____ (рұқсатқа қол қойған бастықтың
_____ фамилиясы, аты, әкесінің аты)

4 қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасының ІІМ

_____ (ішкі істер бөлімінің атауы)

РҰҚСАТ N _____ "_____" _____ 19____ ж.

_____ (ұ й ы м н ы ң а т а у ы ,

_____ ведомствоға қарастылығы,

_____ почталық индексі мен мекен-жайы)

(көбейткіш техниканың атауы, маркасы,
пайдаланумен (сақтанумен)
з а у ы т н ө м і р і
және _____

(лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)
жеке жауапкершілігімен _____

жұмыс
_____ жұмыс
(көбейткіш учаскесін)
і с т е у і н е б е р і л е д і .

19__ж. "___" _____дейін жарамды.

Тапсырыс қабылдауға шектеу _____

Қосымша; көбейткіш техника тізімі _____ бетте

І ш к і і с т е р б ө л і м і н і ң

бастығы

М.О.

_____ (фамилиясы, аты, әкесінің аты,

қолы)

Рұқсаттың сырт жағы

Рұқсат түбіршегі N___ "___" _____ 19__ж.

_____ (ұ й ы м н ы ң а т а у ы ,

ведомствоға қарастылығы,

_____ почталық индексі мен мекен-жайы)

_____ (көбейткіш техниканың атауы, маркасы мен
_____ орнатумен

с а н ы

және _____
(лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)

жеке жауапкершілігімен _____
(көбейткіш учаскесін)

а ш у ғ а б е р і л д і .

19__ж. "___" _____дейін жарамды.

қосымша; көбейткіш техника тізімі _____ бетте.

_____ (рұқсатқа қол қойған бастықтың фамилиясы,
аты, әкесінің аты)

6 қосымша
Қазақстан Республикасының ІІМ

_____ (ішкі істер органының атауы)
РҰҚСАТ N ____ " ____ " _____ 19 ____ ж.

_____ (ұ й ы м н ы ң а т а у ы ,

_____ ведомствоға қарастылығы,

_____ почталық индексі мен мекен-жайы)

_____ (техниканың атауы, маркасы мен
_____ көбейткіш техникасын
_____ с а н ы) (ж а з у м е н)

_____ (жасаушы немесе босатушы
_____ арқылы сатып алу құқықымен
_____ ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

берілді.

Рұқсат берілген күннен кейін бастап алты ай бойы жарамды.

І ш к і і с т е р о р г а н ы н ы ң

бастығы

М.О. _____

Е с к е р т у :

1. Рұқсат нөмірін, берілу уақытын және оны берген ішкі істер органының атауын, көбейткіш техникасын есепке алу кітабының 8 графасына жазу керек.

2. Көбейткіш техникасын алғаннан соң 10 күн ішінде қалалық, аудандық ішкі істер органында оны сақтауға немесе пайдалануға рұқсат ресімдеу керек.

Рұқсат түбіршегі N _____ " ____ " _____ 19 ____ ж.

_____ (ұ й ы м н ы ң а т а у ы ,

_____ ведомствоға қарастылығы

_____ почталық индексі мен мекен-жайы)

(техниканың атауы, маркасы мен
көбейткіш техникасын
с а н ы (ж а з у м е н)

(жасаушы немесе босатушы ұйымның
арқылы сатып алу
а т а у ы)

қ ұ қ ы м е н б е р і л д і .

Рұқсат берілген күннен бастап алты ай бойы жарамды.

(рұқсатқа қол қойған бастықтың
фамилиясы, аты, әкесінің аты)

8 Қосымша

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)
орнатылған көбейткіш техникасын есепке алу
Кітабы

! ! ! ! ! ! ! ! ! !
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 !

- 1 . N р е т б о й ы н ш а
- 2 . Көбейткіш техниканың атауы
- 3 . Маркасы мен түрі
- 4 . Зауыт нөмірі
- 5 . Шыққан жылы
- 6 . Сатып алу уақыты
- 7 . Қайдан әкелінді
8. Техниканы сатып алуға ішкі істер органының қызмет көрсеткен
рұқсат нөмірі мен берген уақыты
9. Басқа ұйымға (қай ұйым екенін көрсет) беруге немесе оны
есептен шығаруға акті нөмірі мен бекіткен уақыты, ол ұйымның
қ а р а с т ы л ы ғы
10. Басқа ұйым берген техниканы сатып алуға ішкі істер
органының (қай орган екенін көрсет) Рұқсат нөмірі мен
берген уақыты

Есепке алу кітабын жүргізуге жауапты адамның лауазымы _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты, қолы)

9 Қосымша

_____ орнатылған

(ұйымның атауы)

Көбейткіш техникасының жиналу есебін күнделікті
к ө р с е т е т і н е с е п
К і т а б ы

!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!

1 !	2 !	3 !	4 !	5 !	6 !	7 !	8 !	9 !	10 !	!

1. Жұмыс уақыты мен сменасы
2. Орындаушы (фамилиясы, аты, әкесінің аты)
3. Көбейткіш аппаратының маркасы зауыт нөмірі
4. Тапсырыс нөмірі N бастап N бойынша
5. Бет (көшірме) жасалады
6. Бұзылған қағаздардың (көшірмелердің) саны
7. Жасалған барлық беттер (5 + 6 гр)
8. Есеп көрсетуі (Жұмыс басында және аяғында)
9. Макулатураға немесе жоюға тапсыру туралы акті нөмірі мен
у а қ ы т ы

10. Ескерту

Күнделікті көрсету есебінің кітабын
жүргізуге жауапты адамның лауазымы _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты, қолы)